

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Үлттүк білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМУНДАҒЫ ОҚУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫН АПРОБАЦИЯЛАУ
МОНИТОРИНГІСІ ЖӘНЕ МЕХАНИЗМДЕРІ**

Әдістемелік құрал

**МОНИТОРИНГ И МЕХАНИЗМЫ ПРОВЕДЕНИЯ АПРОБАЦИИ
УЧЕБНЫХ ПРОГРАММ И УЧЕБНЫХ МАТЕРИАЛОВ ПО
ОБНОВЛЕННОМУ СОДЕРЖАНИЮ НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Методическое пособие

**Астана
2015**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 20 шілдедегі № 6 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 6 от 20 июля 2015 года)

Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары мен оқу материалдарын апробациялау мониторингісі және механизмдері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 109 б.

Мониторинг и механизмы проведения апробации учебных программ и учебных материалов по обновленному содержанию начального образования Методическое пособие. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 130 с.

Әдістемелік құралда жаңартылған мазмұндағы бастауыш білімнің оқу бағдарламалары мен оқу материалдарын апробациялау мониторингісінің механизмдері, кезеңдері және тәртіптері ұсынылған. «Назарбаев Зияткерлік мектептер» ДБҰҰ тәжірибесі қолданылды және мониторингтің технологиялық тәртіптері сипаттамасы көлтірілген.

Әдістемелік құрал облыстық (аудандық) әдістемелік кабинеттердің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру үйымдарының басшыларына, бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған.

В настоящем методическом пособии разработаны и представлены механизмы, этапы и процедуры мониторинга проведения апробации учебных программ и учебных материалов по обновленному содержанию начального образования. Использован уникальный опыт АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», дано описание технологических процедур мониторинга.

Методическое пособие адресовано руководителям и методистам областных (районных) методических кабинетов, руководителям организаций системы образования, учителям начальной школы.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2015

Белгілер, анықтамалар, қысқартулар

Мониторинг – білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингілік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжаяу.

Апробация – тексеру, сынау негізінде қабылданған шешімді ресми қабылдау, бекіту; бір нәрсенің сапасын, қасиеттерін бағалау мақсатында тексеру, сынау.

Эксперименттік алаң – жаңа педагогикалық технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын сынақтан өткізуге арналған эксперимент режимінде білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

БДҮҰ – «Назарбаев зияткерлік мектептер» дербес білім беру ұйымы.

МЖМ БС – Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты.

ҚР БФМ – Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі.

ҰБА – ІІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

ҚалББ – Қалалық білім басқармасы.

ОблББ – Облыстық білім басқармасы.

БМӘ – бастапқы мәліметтерді өндөу.

ҚР – Қазақстан Республикасы.

БМЖ – бастапқы мәліметтерді жинақтау.

БАҚ – бұқаралықақпарат қуралдары.

ТК – технологиялық карталар.

ОӘК – оқу-әдістемелік кешендер.

ОМ – оқыту мақсаттары.

Кіріспе

Әлемдік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында Қазақстан Республикасы отандық білім берудің озық дәстүрлері мен стандарттарын сақтай отырып әлемдік білім беру тәжірибесіне бағытталған стратегиялық курсын таңдады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі орта білім мазмұнын жаңартуға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыруды бастады.

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойна сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете біletін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізуңдің нәтижесі болуы керек.

2015-2016 оқу жылынан бастап республиканың 30 pilotтық мектептерінде жаңартылған білім мазмұнын апробациялау, ал 2016-2017 оқу жылынан бастап елдің жалпы білім беретін мектептеріне енгізілу басталады.

Жаңартылған білім мазмұнын апробациялау атальыш үдерісті мониторингтеумен қоса журуі керек, себебі бұдан кейінгі жалпы білім беретін мектептерге енгізілу жаңалықтың тиімділігін көрсететін анықтамалар негізінде жүзеге асырылуы қажет. Алғашқы бір жылда жасалған мониторинг барысында жиналған ақпараттар деру қажетті шара қолдануды талап ететін мәселелерді табу және оларға талдау жасауға қолданылады. Мониторинг мәліметтері білім беру үдерісін ұйымдастыруды, оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының құрылымы және мазмұнын, бағалау жүйесін, оқу-әдістемелік кешендерді, мектеп мұғалімдері мен басшыларының біліктілігін арттыру курстарының мазмұнын жетілдіруде пайдаланылады.

Апробацияны мониторинглеу сонымен бірге, жаңартылған білім мазмұнын енгізуңдің тиімділігіне әсер етуі мүмкін қауіп-қатерлерді анықтауға мүмкіндік береді. Оларға:

- заманауи педагогикалық әдістерді қолдануды талап ететін жаңа білім беру бағдарламасымен жұмыс істеуге педагогикалық кадрлардың дайындығының жеткіліксіз болуы;
- жаңа білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес келетін білім беру ресурстарының жеткіліксіз болуы;
- БАҚ-тың апробация қорытындыларының кем тұстарын жариялауына байланысты жаңа білім беру бағдарламасын қоғамның қабылдамауы.

Бұл құжат мониторингтің мақсаттары мен міндеттерін, технологиялық тәртіпперін сипаттап, сонымен қатар оны өткізуңдің мерзімдері мен кезендері бойынша ақпараттарды қамтиды.

Мақсаты: 30 pilotтық мектептердегі нақты оқыту үдерісі шарттарында жаңартылған мазмұн бойынша әзірленген оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары, бағалау жүйесі мен ОӘҚ енгізу тиімділігі мен сапасын бағалау және білім беру бағдарламасының барлық элементтерін барлық білім беру

ұйымдарына енгізу үшін жетілдіру болады.

Мониторинг міндеттері:

1) әзірленген оқу бағдарламаларын, ОӘК және критериалды бағалау жүйесін енгізу тиімділігін тәжірибеде тексеру:

- оқу бағдарламалары мен жоспарлардың мұғалімдерге қолжетімділігі (тиімділігі, оңайлығы, қолайлылығы, түсініктілігі және т.б.);

- оқу мақсаттарының сапасы (оқу мақсаттарының анықтығы, бір тоқсандары оқу мақсаттарының мөлшерінің оңтайлылығы, оқу мақсаттарының өлшемділігі);

- оқу бағдарламалары компоненттерінің сабактастыры (ойға қонымдылық, өзара байланыс және т.б.);

- ОӘК сапасы (әзірленген ОӘК мазмұнының оқу бағдарламаларына сәйкестігі, ОӘК оқу мақсаттарына жетуге бағытталуы, дизайн);

- критериалды бағалау жүйесінің оңтайлылығы (оқу мақсаттарына сәйкестігі, қалыптастыруши бағалаудың қолданылуы, жетістік критерийлерінің тиімділігі);

- оқушылардың білім беру үдерісіне эмоционалдық қарым-қатынасы (қабылдауы, қызығушылығы, уәждеме, белсенділігі);

- мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің және ата-аналардың білім беру үдерісіне қанағаттануы (табыстылық, бейімделушілік, тұрақты қажеттілік);

2) «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы құндылықтарына оқу материалдарының мазмұнының сәйкестік дәрежесін анықтау:

- «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы құндылықтарын оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың түсінуі;

- «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы құндылықтарын сабак, жобалық-зерттеушілік және сабактан тыс іс-әрекет арқылы жүзеге асырудың әдістері, тәсілдері, түрлері;

3) апробацияланған оқу бағдарламаларының және ОӘК МЖБС-ның негізгі ережелеріне сәйкестік дәрежесінің анықтамасы;

4) оқу бағдарламалары ұсынатын оқу әдістері мен бағалауды қолдану дәрежесін анықтау (мұғалімдердің түсінуі және қолдануы);

5) жаңа оқу бағдарламасы бойынша оқушылардың оқу нәтижелерін талдау (оқушылардың білім сапасы, оқу мақсаттарына жету, оқу бағдарламасы бойынша оқыту үдерісінің оқушының жалпы денсаулық жағдайына әсері);

6) жаңартылған білім мазмұны бойынша әзірленген оқу бағдарламарына, ОӘК-ге түзетулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу (қажет болған жағдайда);

7) 30 пилоттық пектеп мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету;

8) жаңа оқу бағдарламаларын мемлекет мектептеріндегі оқыту үдерісінде қолданудың келешегі, мүмкін болатын қауіп-қатерлерді анықтау.

1 Мониторингті басқару

1.1 Мониторинг құрылымын ұйымдастыру

Мониторинг Ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясы мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ қатысуымен жүргізіледі (1-сурет).



1-сурет – Мониторингті ұйымдастырудың құрылымы

1.2 Мониторингке қатысуышылардың өзара қарым-қатынасының иерархиясы

Пилоттық мектептерден мониторингіге қатысуышылар:

- 1) эксперименттік және бақылау сыныптарының мұғалімдері;
- 2) жаңа оқу бағдарламасын апробациялауға жетекшілік ететін пилоттық мектеп директорының орынбасары (30 адам);
- 3) пилоттық мектептің директоры (30 адам).

Эксперименттік және бақылау сыныптары мұғалімдерінің функциялары:

- «Бірінші сынып оқушыларының когнитивті даму деңгейіне диагностика жүргізу бойынша нұсқаулыққа» сәйкес тестілеуді жүргізуге жағымды жағдай тудыруды қамтамасыз етеді (1-косымша);
- «Мектептерді аралау бойынша нұсқаулыққа» сәйкес мектептерді аралау кезінде жұмыс топтарының оқушылар мен олардың ата-аналарымен әңгімелесу және сауалнама жүргізу үшін қажетті жағдаймен қамтамасыз етеді (2-

қосымша);

- ТК толтырады (3-қосымша);
- сауалнама, сұхбат, әңгімелесу жүргізуге қатысады (4-қосымша);
- мониторинг бойынша бастапқы мәліметтердің шынайылығына жауап береді;
- директордың орынбасарына қажетті ақпараттардың сапасы мен оның уақытында берілуіне жауап береді.

Жаңа оқу бағдарламасын апробациялауда жетекшілік ететін пилоттық мектеп директоры орынбасарының функциялары (бұдан әрі – директор орынбасары):

- мектеп бойынша мониторингті үйлестіреді;
- мұғалімдерді, оқушыларды және олардың ата-аналарынан сауалнама алуды ұйымдастырады;
- мониторинг бойынша жұмыс топтарының мектептерді аралауға даярлауды жүзеге асырады («Мектептерді аралау бойынша нұсқаулыққа» сәйкес кездесулер кестесін жасайды, фокус-топтар құрады, бақылауға арналған сабак кестесін әзірлейді және т.б.);
- «Бірінші сынып оқушыларының когнитивті даму деңгейіне диагностика жүргізу бойынша нұсқаулыққа» сәйкес мектепті тестілеуге даярлайды;
- жаңа оқу бағдарламаларын апробациялауға байланысты туындаған сұрақтарды анықтау мақсатында мұғалімдермен үнемі (тоқсан аяғында 1 рет) талқылаулар жүргізеді, талқылау қорытындысын ҚР БФМ онлайн-платформасына салады;
- ТК толтырады;
- мектеп бойынша жиналған бастапқы мәліметтердің шынайылығына жауап береді;
- ҚалББ (аудандық) әдіскеріне қажетті ақпараттың уақытында тапсырылуына және сапасы жауап береді;
- ҰБА мен ДББҰ-дан келіп түсken сұраныс бойынша қажетті ақпараттарды жинау, өндөу және тапсыруды жүзеге асырады;
- сауалнама, сұхбат, әңгімелесу жүргізуге қатысады;
- апробация қорытындысы бойынша ҰБА тапсыру үшін есеп жасайды (аралық және қорытынды).

Пилоттық мектеп директорының функциясы:

- мектеп бойынша тапсырылатын ақпараттардың шынайылығына және толықтығына жауап береді;
- мектепте өткізілетін мониторингтің сапасына жауап береді;
- мониторинг бойынша ақпаратты уақытында жинау және тапсыруды жүзеге асырылуына жауапты;
- жаңа оқу бағдарламасын апробациялау мониторингі бойынша сұрақтарды педагогикалық кеңесте және ата-аналар жиналысында талқылануын ұйымдастырады;
- сауалнама, сұхбат, әңгімелесу жүргізуге қатысады;
- мониторинг қорытындысы бойынша есеп жасауға қатысады.

ОблББ және ҚалББ мониторингіге қатысуышылар:

- Аудандық (қалалық) білім бөлімі әдіскерлері (32 адам);
- Облыстық, Алматы, Астана ққ. Білім басқармаларының әдіскерлері (16 адам).

Аудандық (қалалық) білім бөлімі әдіскерлерінің функциялары:

- аудан (қала) бойынша мониторингті үйлестіруді жүзеге асырады;
- мониторинг бойынша жұмыс тобының аралауына аудандық (қалалық) пилоттық мектептерді даярлауды жүзеге асыру («Мектептерді аралау бойынша нұсқаулыққа» сәйкес кездесулер кестесін жасау, фокус-топтар құру, бақылауға арналған сабак кестесін әзірлеу және т.б.);

- «Бірінші сынып оқушыларының когнитивті даму деңгейіне диагностика жүргізу бойынша нұсқаулыққа» сәйкес аудандық (қалалық) пилоттық мектептерді тестілеуге даярлайды;

- жаңа оку бағдарламаларын аprobациялауға байланысты туындаған сұрақтарды анықтау мақсатында үнемі (тоқсан аяғында 1 рет) жүргізіліп отыратын талқылауларға қатысып отырады;

- ТК толтырады;

- аудан (қала) бойынша тапсырылатын ақпараттардың шынайылығына жауап береді;

- мониторинг бойынша қажетті ақпараттың сапасы мен оның Облыстық, Алматы, Астана қалалары білім басқармаларына уақытында тапсырудың жүзеге асырылуына жауап береді;

- ҰБА және ДББҰ-нан түскен сұраныстарға сәйкес қажетті ақпараттарды жинау, өндөу және тапсыруды жүзеге асырады.

Облыстық, Алматы, Астана қалалары Білім басқармаларының әдіскерлерінің функциясы:

- облыс бойынша мониторингіні үйлестіруді жүзеге асыру;

- жұмыс топтарының аралауына облыстық пилоттық мектептерді даярлау үдерісін қадағалау;

- облыстық пилоттық мектептерді тестілеуге даярлау үдерісін қадағалау;

- мәселелі сұрақтарды анықтау мақсатында метеп әкімшілігімен аprobация барысы жайында талқылаулар жүргізеді;

- ТК толтыру;

- облыс бойынша тапсырылатын ақпараттардың шынайылығына жауап береді;

- қажетті ақпараттың сапасы мен оның ҰБА мен ДББҰ-на тапсырудың уақытылы жүзеге асырылуына жауап береді;

- ҰБА және ДББҰ-нан түскен сұраныстарға сәйкес қажетті ақпараттарды жинау, өндөу және тапсыруды жүзеге асырады.

ҰБА және ДББҰ-ның функциялары:

- мониторингке жалпы басшылық етеді;

- мониторингтің барлық кезеңдерінің міндеттерін анықтайды;

- мониторингтің құрылымы мен технологиялық карталарын әзірлейді;

- ДББҰ-мен бірлесе отырып «Мектептерді аралау бойынша нұсқаулық», «Бірінші сынып оқушыларының когнитивті даму деңгейіне диагностика жүргізу бойынша нұсқаулықтарын» әзірлейді;

- ДББҰ-мен бірлесе отырып саулнамалар, сұхбат сұрақтарын, сабактарды бақылау паракшаларын әзірлейді (4-қосымша);
- ДББҰ салыстыру үшін оқу жылының басында бақылау және пилоттық мектеп оқушыларынан мәлімет жинау үшін тестілер әзірлейді;
- пилоттық мектептерді аралау кестесін жасайды (5-қосымша);
- ДББҰ-мен бірлесіп пилоттық мектептерді аралау логистикасын әзірлейді;
 - мониторинг аясында тестілеу, аралауды жүргізу, қажетті ақпараттарды тапсыру мерзімдері туралы ақпараттық хаттар дайындайды;
 - ДББҰ-мен бірлесіп жұмыс топтарының құрамын жасайды;
 - мониторингтің жұмыс топтарының мүшелерімен нұсқаулық жүргізеді;
 - ДББҰ-мен бірлесіп мониторинг тренерлерін оқытуды жүргізеді;
 - бастапқы деректерді жинауды, ақпараттар ағынын өндеуді жүзеге асырады;
 - алынған деректерге талдау жүргізеді;
 - оқу жоспарлары, бағдарламалары, ОӘК, бағалау жүйелерін аprobациялау үдерісіне байланысты мәселелерді анықтайды;
 - ҚР БFM-ның онлайн-платформасында аprobация сұрақтарын талқылауға бастамалық етеді;
 - онлайн-платформа арқылы мұғалімдер мен ДББҰ-ның әзірлеушілерімен үнемі байланыста болады;
 - мониторинг нәтижелерін жалпылайды, қорытындыларды тұжырымдайды;
 - мәселелерді шешу нұсқаларын әзірлейді (оқу бағдарламаларына, бағалау бойынша басшылыққа, ОӘК және т.б. өзгерістер енгізу бойынша ұсынымдар);
 - ДББҰ, ҚР БFM мәселелерді шешу нұсқаларын үйлестіреді;
 - мониторинг бойынша аралық және қорытынды есептерді жасайды.
- ҚР БFM Үйлестіру кеңесінің фуекциялары (6-қосымша):*
 - мониторинг және оған қатысушылардың барлығының әрекеттерін үйлестіру және келістірілуін жалпы басшылыққа алу;
 - ҚР БFM ОББ және ҚББ-ға мониторинг жүргізуге жәрдемдесу жөнінде хаттар жібереді және ОББ мен ҚББ-ның мамандарын жұмыс топтарына қосады;
 - құжаттар нұсқаларын бақылайды (оқу бағдарламалары мен жоспарлары, басшылықтар, ОӘК);
 - құжаттарды макұлдау және бекіту (оқу бағдарламалары мен жоспарлары, басшылықтар, ОӘК);
 - аprobацияның қорытынды нәтижелерін шығару және бекіту (оқу бағдарламалары және оқу жоспарлары, бағалау бойынша басшылық, ОӘК және т.б.);
 - мектептер мен басқа да ведомстваларға өзгерістер туралы ақпарат таратады.

2 Мониторингтің тәртіппері мен кезеңдері

Бастапқы кезең: статистикалық көрсеткіштерді жинақтау және талдау, оқушыларды диагностикалық тестілеу (қыркүйектің 2-3 апталары)

Директор орынбасалары 1.1А және 1.1Б-ТК толтырып ҰБА-ға жібереді. 30 пилоттық және 15 байқау мектептерінің статистикалық көрсеткіштерін ҰБА өндейді, сонымен қатар БДҮҮ-мен бірлесіп пилоттық және байқау мектептерінің мектеп алды білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелеріне сәйкес 1-сынып оқушыларының мектепке дайындық деңгейлерін анықтау үшін диагностикалық тестілеуді ұйымдастырады.

Тестілеуді бастауыш мектеп мұғалімдері «Бірінші сынып оқушыларының когнитивті даму деңгейіне диагностика жүргізу бойынша нұсқаулыққа» сәйкес өткізеді.

128 мамандар тест қорытындысын және атқарылған жұмыс туралы есепті өндеу мен талдау үшін ҰБА-на жібереді.

1-кезең: Алғашқы мәліметтерді жинақтау және бастапқы өндеу (қазан, желтоқсан).

Бастапқы мәліметтерді жинақтау (ТК толтыру және онлайн-сауалдама өткізу) мұғалімдерден, оқушылардан, әкімшіліктен және ата-аналардан оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары, бағалау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар мен ұсынымдар, ОӘҚ туралы кері байланыс алу мақсатында өткізіледі.

Бастауыш сынып мұғалімдері 2.1 және 3.1.-ТК толтырады.

Директор орынбасары 4.1.-ТК толтырады.

Бұл кезеңде бастапқы мәліметтерді жинақтау жүзеге асырылады. Дайындалған 128 мамандар мектептердің ТК-ды уақытында толтыруын қадағалайды және толтыру мен ҰБА жіберу кезінде кеңес береді. 2-тоқсан аяқталғаннан кейін 128 мамандар оқушылар, мұғалімдер, әкімшілік және ана-аналардан онлайн-сауалнама алуды ұйымдастырып, өткізу үдерісін басқарады және ҰБА-ға атқарылған жұмыс туралы есептік ақпаратты жібереді.

2-кезең: Бастапқы мәліметтерді талдау (қараша, қаңтар).

Бастапқы мәліметтерді талдау оқу бағдарламалары мен оқу жоспарына, ОӘҚ, бағалау бойынша нұсқаулықтар мен ұсынымдарға қажетті өзгерістерді енгізу тарлы ұсыныстарды әзірлеу үшін сауалнама нәтижесі мен ақпаратты өндеу негізінде жүзеге асырылады.

Бастапқы мәліметтерді талдау ҰБА қызметкерлерімен ДББҰ-мен бірлесіп жүзеге асырылады және оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары, ОӘҚ, бағалау бойынша нұсқаулықтар мен ұсынымдарды қолдану барысында мұғалімдердің туған мәселелерінің тізімін құрастырады.

Мәліметтерді өндеп, талдағаннан кейін ҰБА пәндер бойынша есеп және алдын ала тұжырым жасайды және дәлелдемені зерделеу мен әрі қарай зерттеу үшін ДБҮҮ-мен бірге талқылайды.

Бұл талдаудың негізінде ҰБА мен ДББҰ қызметкерлері 3-кезеңде

зерттеуге қажетті аймақтарды анықтайды.

3-кезең: Мектептерді аралау (ақпан)

Мектепті аралаудың мақсаты бастапқы мәліметтерді талдау кезеңінде айқындалған мәселелерді зерделеу мен мектептерге әдістемелік көмек көрсету болып табылады және ол бақылау қызметін атқармайды. Мектепті аралау кезінде оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары, ОӘК, бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулықтар туралы мұғалімдердің, окушылардың, ата-аналардың және мектеп әкімшілігінің пікірі қарастырылады және аprobациялау үдерісі кезінде мектеп әкімшілігі жағынан мұғалімдерге қолдау көрсету деңгейі анықталады.

ДБҰ, ҰБА және 128 мамандарды қамтитын мониторингтің жұмыс топтары мәліметтерді жинақтау үшін мектептерге барып, әкімшілікпен, окушылар және олардың ата-аналарымен және мұғалімдермен сұхбат жүргізіп, сабактарға қатысады. «Мектептерді аралау бойынша нұсқаулыққа» сәйкес сабактарды байқау парагы, сұхбаттасу хаттамасы, суреттер мен аудиожазбалар көмегімен мәліметтер жинақталып, өндөу, талдау және пәндер бойынша есеп дайындау үшін ҰБА-ға беріледі.

3-тоқсаның соңында бастауыш сынып мұғалімдері 2.1, 2.2 және 3.1- ТК-ын, директор орынбасары 5.1-ТК толтырады.

4-кезең: статистикалық көрсеткіштерді талдау және түзеті, шығыста диагностикалық тестілеу (сәуір)

A. Статистикалық көрсеткіштерді түзету.

B. Оқушыларды шығыста диагностикалық тестілеу.

Диагностикалық тестілеу (шығыста) жаңа білім беру бағдарламасымен оқытуда 1-сынып окушылары дамуындағы прогрессі өлшеуге бағытталған.

Мониторингтің жұмыс топтары және мектеп мұғалімдері бірігіп тестілеуді «Бірінші сынып окушыларының когнитивті даму деңгейіне диагностика жүргізу бойынша нұсқаулыққа» сәйкес өткізеді.

Кіріс және шығыс тестілеудің нәтижесі бойынша пилоттық және байқау мектептері окушыларының даму деңгейлерінің салыстырмалы талдауы жүргізіледі.

4-тоқсан аяқталғаннан кейін бастауыш сынып мұғалімдері 2.1 және 3.1-ТК толтырады.

5-кезең: ОӘК, бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар және оқу бағдарламаларына өзгерістерді енгізу бойынша тұжырымдамалар мен ұсынымдар (мамыр)

ҰБА нәтижелерді талдаа, жиналған мәліметтерге модерация жасайды, мұғалімдердің тренерлерімен, бағдарламалар мен бағалау жүйесі өзірлеушілерімен, оқулық авторларымен кеңес өткізеді, тұжырымдамаларды қорытындылағаннан кейін ұсынымдар өзірлейді, ОӘК-ді, бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдарды, оқу бағдарламалары мен жоспарларды жетілдіру үшін қажетті шараларды ұсынады.

ҰБА келісілген ұлгіге (7-қосымша) сәйкес ОӘК, бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдарға, оқу бағдарламалары мен жоспарларға өзгерістерді енгізу бойынша ұсыныстарды ДБҰҰ-мен келісуге жібереді.

Қорытынды есепті ДББҰ ҰБА-мен бірлесіп дайындауды және құжаттарға өзгерістер енгізу бойынша ұсынымдар әзірлейді.

6-кезең: Өзгерістерді бекіту (маусым)

Енгізілген өзгерістерді бекіту бойынша шешім қабылдау үшін өзгерістерді енгізу бойынша тұжырымдамалар мен ұсынымдарды ҚР БФМ Үйлестіру кеңесіне ұсынылады. ҰБА мен ДББҰ-ның жұмыс топтары бекітілген өзгерістерді енгізеді.

Өзгерістер енгізілген құжаттардың соңғы нұсқасын ҚР БФМ бекітіп, барлық мұдделі тараптарға жіберіледі.

Қорытынды

Білімнің барлық саласындағы ақпараттардың үлкен легі, қазіргі қоғамның жылдам көсіби қайта бағдарлауды, біліктілікті жоғарылатуды, адамның өмір жолының кез келген бөлігінде өзін-өзі дамыта алуы мүмкіндіктерін қамтитын икемді, бейімделген білім беру жүйесіне қажеттілігі «өмір бойғы білім» қағидатына негізделген заманауи білім беру парадигмасына ауысуға алып келді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жылғы Қазақстан халқына жолдауында «заманауи білім беру жүйесі мен ұшқыр, ауқымды, жаңаша ойлайтын заманауи менеджерлерсіз біз инновациялық экономика жасай алмаймыз» деген еді.

Сондықтан қазіргі уақытта дайын білімдерді игеру мен жалпылау мақсат емес, ал адамның интеллектуалды дамуының көмекші құралы болып табылады. Ал қажетті ақпараттарды өз бетінше табу, мәселелерді анықтау және оларды шешу жолдарын іздеу, алынған білімдерді сын тұрғысынан талдай білу және оларды жаңа тапсырмаларды орындауда қолдану жаңартылған білім мазмұнының нәтижесі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты нәтижелерге негізделген білім беру моделіне құрылған, ал білім берудегі құндылықтар «Не үшін мектепте білім алады?» деген сұрақтан өрбиді.

2015-2016 оку жылында МЖБС пилоттық енгізу жаңартылған білім мазмұныны апробациялау процесін бастауға және жаңа жағдайда білім беру процесінің сапасын бағалауға мүмкіндік береді.

Мониторинг білім беру процесінің сапасын алынған нәтижелерді ескере отырып, оқу бағдарламаларының, жоспарлардың, ОӘК одан арғы келешегі мен жетілдірулерді болжайтын ақпараттарды жинау, сақтау, талдау және қолдану арқылы үнемі бағалап отыруы қажет. МЖБС апробациялау мониторингін жүргізу әдістемесі ерекше қызығушылық туғызып және білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін жаңаша бағалауға мүмкіндік береді.

МЖБС апробациялау мониторингі мониторингтің нақты бағдарламасы, оны жүзеге асыру механизмі әзірленгенде, негізгі көрсеткіштері анықталғанда және оқушылардың алға жылжу процестері мен нәтижелерін көруге мүмкіндік беретін тек күтілетін, болжалды нәтижелер ғана емес сонымен қатар күтілмеген, кездейсоқ, теріс нәтижелер де тіркеліп отыратын, мазмұн мен әр оқушының даму қарқынын ескере отырып оқушылардың оқу сапасын бақылау технологиясын әзірлеген жағдайда ғана тиімді болмақ.

Әдістемелік құралда МЖБС апробациялау мониторингінің негізгі кезеңдері, оның функциялары, әдістері мен тәсілдері ғана емес, оның мектепті басқару жүйесіндегі орны да көрсетілген.

Әзірленген әдістемелік құралда мониторинг нәтижелерін өндөу процесін онтайландыру әдістері ұсынылып, ұзартылған процестерді бақылаудың кезеңдері және білім беру процесінде оқушылардың алға жылжуының нәтижелері суреттелді. Әзірленген тәжірибелік ұсынымдар, білім беру жүйесі

қызметкерлеріне ұсынылған мониторинг әдіснамасы қолданбалы сипатқа ие.

МЖБС аprobациялау мониторингінің әдіснамасын әзірлеу барысында нақты мақсат қойылды, оған жету жолдары анықталды, мониторингтің механизмі мен аспаптары ұсынылды, педагогикалық және оқу ортысда болып жатқан кешенді жүйелі ұзартылған процестерді бақылау мәселелерін шешу жолдары көрсетілген.

Жүйелік жіне тұтастық тәсілдеме негізінде әзірленген МЖБС аprobациялау мониторингінің жалпыланған моделі және жаңартылған білім мазмұнының оқу бағдарламаларын, оқу жоспарларын, ОӘК бағалаудың теориялық-әдіснамалық және технологиялық тәсілі 30 pilotтық мектепте қолданылып, барлық мектепте жаңартылған білім мазмұнының негізі қызметін атқарады.

Әзірленген және ұсынылған МЖБС аprobациялау мониторингінің әдіснамасы мектептішлік басқару жүйесінде тәжірибелік маңызды ие және білім беру қызметкерлерін қайта даяралау және біліктіліктерін арттыру процесі, сонымен қатар мектептішлік басқару жүйесін оңтайландыру процесі барысында қолданылуы мүмкін.

Нормативтік-құқықтық құжаттар

Мониторингі өткізу кезінде келесі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алу қажет

- 1) ҚР Конституциясы;
- 2) Балалар құқығы туралы конвенция;
- 3) Неке (ерлі-зайыптылық және отбасы) туралы ҚР Кодексі;
- 4) «Халық денсаулығы және денсаулықты сақтау жүйесі» туралы ҚР Кодексі;
- 5) «Білім туралы» ҚР Заңы;
- 6) «Балалар құқығы туралы» ҚР Заңы;
- 7) «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы;
- 8) «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР заңы;
- 9) «МЖМ ББС бекіту туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы;
- 10) «білім беру мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы (2012 жылғы 27 сәуір № 536);
- 11) «Жалпы білім беретін және интернаттық ұйымдардың құрылымына, күтіп-ұстауға және оқыту жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесін бекіту туралы» бұйрығы;
- 12) ҚР БФМ бұйрықтары:
 - «Критериалды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БФМ бұйрығы;
 - «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиназбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы»;
 - «30 pilotтық мектептерді бекіту туралы»;
 - «Білім мазмұнын жаңарту бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы»;
 - «Апробациялау бойынша Ережені бекіту»;
 - «Мектепалды даярлықтың білім беру бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациялауды қамтамасыз ету жөніндегі Үйлестіру кеңесі туралы ереже туралы».

Мазмұны

| | |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Белгілер, анықтамалар, | 3 |
| қысқартулар..... | |
| Кіріспе..... | 4 |
| 1 Мониторингті басқару..... | 6 |
| 1.1 Мониторинг құрылымын ұйымдастыру..... | 6 |
| 1.2 Мониторингке қатысушылардың өзара қарым-қатынасының иерархиясы..... | 6 |
| 2 Мониторингтің тәртіптері мен кезеңдері..... | 10 |
| Қорытынды..... | 13 |
| Нормативтік-құқықтық құжаттар..... | 15 |
| 1-қосымша «Бірінші сынып оқушыларының когнитивті даму деңгейіне диагностика жүргізу бойынша нұсқаулық»..... | 17 |
| 2-қосымша «Мектепті аралау бойынша нұсқаулық»..... | 26 |
| 3-қосымша «Технологиялық карталар»..... | 44 |
| 4-қосымша «Сауалнама»..... | 88 |
| 5-қосымша «Мониторингіге дайындық және оны өткізу»..... | 102 |
| 6-қосымша «Мектепалды даярлықтың білім беру бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациялауды қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже»..... | 105 |
| 7-қосымша «Келісу және өзгеріс енгізу парагы»..... | 108 |

**Бірінші сынып оқушыларының когнитивті даму деңгейіне
диагностика жүргізу бойынша
НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Бұл нұсқаулық 30 пилоттық және 15 бақылау мектептерінің бірінші сынып оқушыларының когнитивті даму деңгейлеріне диагностика жүргізу үшін арналған.

2. Диагностиканы окушыларды тестілеу арқылы жүзеге асырылады.
3. Тестілеу оқу жылының басында (қыркүйектің үшінші аптасы) және соңында (сәуір, мамыр) әрбір оқушымен оқу тілінде жеке өткізіледі.
4. Диагностикалық материалдар төрт бағыт байынша тестілеу тапсырмалары жинағында жүйеленген (1.1-кесте).

1.1-кесте – Диагностика құрылымы

| Диагностика бағыттары | тапсырмалар саны | максималды балдар саны | уақыт |
|--------------------------------------------------------------------|-------------------------|-------------------------------|--------------------|
| Коршаған орта туралы жалпы түсініктер қалыптасу деңгейі | 4 тапсырма | 8 балл | 5-6 минут |
| Баланың зияткерлік даму деңгейі | 4 тапсырма | 12 балл | 15 минут |
| Балада жаратылыстану-математикалық түсініктердің қалыптасу деңгейі | 7 тапсырма | 12 балл | 10-12 минут |
| Психикалық үдерістің даму деңгейі | 3 тапсырма | 6 балл | 5-7 минут |
| Барлығы | 18 тапсырма | 38 балл | 35-40 минут |

5. Жазу, байланыстырып сөйлеу, оқу, сонымен қатар қиялдау, көру, логикалық ойлау мен логикалық талқылау дағдыларын тексеруге бағытталған әрбір оқушыға тапсырмалар жинағы ұсынылады (1.2-кесте).

1.2-кесте – Дағдыларды тексеруге арналған тапсырмалар үлгісі

| Тексерілетін дағдылар | Оқушылардың іс-әрекеттері |
|------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 |
| «Жазу» | сұрақтарға жауапты қағаз бетінде жазу |
| «Байланыстырып сөйлеу» | коршаған орта туралы сұрақтарға өзбетімен жауап беру; қарапайым және күрделі сөйлемдерді қолданып суреттерден әнгіме құрастыру |

| 1.2 – кестенің жалғасы | |
|---------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 |
| «Коммуникация» | әріптерді айту; дауысты әріптерді белгілеп, олардан сөздер құрастыру; мағыналары қарама-қарсы сөздерді тандау |
| «Оқу» | мәтінді оқу және мәтін бойынша қойылған сұрақтарға өздігінен жауап беру |
| «Тану» | ішіндегі нүктелердің саны өсу ретімен шеңберлер салу; сандардың құрамын атау; заттарды мөлшері бойынша салыстыру; геометриялық фигуralарды жіктеу; арифметикалық және логикалық есептерді шешу |
| «Логикалық ойлау қабілеттілігі» | <p>а) оқушы бір минутта жоғарғы қатардағы квадраттың ішіндегі шеңберлердің орналасқан орнын есте сақтауы қажет, кейін бұл қатарды жауып қойыңыз. Оқушы бос квадраттың ішіне есте сақтаған орнын сақтап қайталап шеңберлер салады;</p> <p>б) балаға кішігірім кестеге мұқият қарауды және 30 секундта ішіне салынған фигуralарды есте сақтауды ұсыныңыз. Кейін ұлken кестеде салынған фигуralардың ішінен кішігірім кестеден көрген фигуralарын сзып тастауды сұраңыз. Бала кішігірім кестеге қараған кезде ұлken кестені қағазбен жауып қойыңыз</p> <p>в) қатар тұрған фигуralардың ішінен артығын тандауды және өзінің тандауын тусіндіруді сұраңыз.</p> |

6. Барлық тапсырмалар тест координаторының басқаруымен әрбір оқушы жеке орындаиды.

7. Оқушыға барлық нұсқауларды мұғалім оқиды.

8. Бір кабинетте 4 (төрт) тест координаторлары тестілеуді бір мезгілде әрбіреуі бір оқушыдан қабылдайды. Бір мезгілде 4-тен көп оқушыдан қабылдау ұсынылмайды.

9. Тест өткізілетін күні тестілеуге қатыспайтын адамдардан басқа ешкім кабинетте болмау керек.

10. Тестілеуге барлық қатысушылар Құпия ақпаратты жарияламау туралы келісімге қол қояды (1.1-қосымша).

11. Бастауыш мектептің оқу-тәрбие жұмысы бойынша директор орынбасары:

- тестілеу жүргузу кестесін дайындаиды, оқу тілі мен сыныптарға бөліп, оқушылардың тізімін құрастырады және ҰБА жібереді;

- координаторлар мен кезекші мұғалімдер тізімін құрастырады және бұл тізімді директорға бекіту үшін ұсынады;

- тестілеу күнінен бір күн бұрын тест координаторлары және кезекші мұғалімдермен нұсқама жүргізеді;

- тестілеу күнінен бір күн бұрын аудитория мен қажетті жабдықтарды дайындауды ұйымдастырады;
- тестілеу өтетін күні мектепте кезекшілік ұйымдастырады;
- тестілеу өтетін күні координаторға тестілеуге қатысатын окушылардың тізімін береді;
- тестілеуге қажетті материалдардың таралымын көбейтуге көмектеседі және жағдай жасайды;
- тестілеу аяқталғаннан кейін барлық материалдарды жинақтап, ҰБА, ДБҰҰ-ның жауапты қызметкерлеріне тапсырады (1.2 қосымша).

12. Тест координаторы (директордың бұйрығымен бастауыш сынып мұғалімдері қатарынан тағайындалады):

- тестілеу күнінен бір күн бұрын 30 пилоттық және 15 бақылау мектептерінің бірінші сынып окушыларының когнитивті даму деңгейінің кіріс диагностикасын өткізу бойынша Нұсқаулықпен танысады (1-қосымша);
- құпия ақпаратты жарияламау туралы келісімге қол қояды;
- тестілеу күнінен бір күн бұрын кабинеттерді дайындайды, онда көрнекі материалдар, плакаттар, кестелер, суреттер, жазулар болмау керек және шкафттар мөр басылып бекітілу қажет (1.3-қосымша);
- қажет болса окушыларды көк сиялы қаламсаппен қамтамасыз етеді;
- окушылардың тестілеуге уақытында келуін қамтамасыз етеді;
- тестілеу кезінде тәртіпті қамтамасыз етеді;
- тестілеу күні ҰБА, ДБҰҰ өкілдерінен материалдарды есептеу мен беру тізімдемесіне сәйкес қабылдайды және олардың сақтығына жеке жауапты болады, пакеттерді ашып, ашу актісін толтырады (1.2-қосымша);
- бағалау парагын толтырады (1.3-кесте);
- тестілеу аяқталғаннан кейін барлық материалдарды жинақтап, бастауыш мектептің оқу-тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасарына тапсырады (1.2-қосымша).

1.3-кесте – Бағалау парағының үлгісі

| Оқушының АТӘ | | | | | |
|-------------------------------------------------------------------|---------------|------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|------------|
| Баладағы жаратылыштану-математикалық түсініктің қалыптасу деңгейі | | | | | |
| Тапсырма № | Тақырып | Критерийлер | Бағалау критерийі | Максималды балл | Алған балы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Сан мен санау | Білу және түсіну | ішіне нұктелердің саны өсу ретімен барлық шеңберлер қатарлап салынған | | |
| | | | қатарланып салынған шеңберлер тізбегінде 1-2 қате бар | | |
| | | | қатарланып салынған шеңберлер тізбегінде 3-4 қате бар | | |
| | | | қатарланып салынған шеңберлер тізбегінде 5 және одан көп қате бар | | |
| 2 | Сан мен санау | Қолдану | қатарлас сандарды, яғни берілген санның алдында және кейін қандай сан болатынын дұрыс айтады бір санды дұрыс айтады: қандай сан кейін тұр немесе | | |
| | | | қандай сан алдында орналасқан | | |
| | | | тапсырманы мулде орындаі | | |

| 1.3-кестенің жалғасы | | | | | |
|----------------------|--------------------------|------------------|---------------------------------------------------------------------------------|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | алмады | | |
| | | | Тақырып бойынша балдар саны | | |
| 3 | Сан құрамы | Қолдану | бірінші ондық сандар құрамын және әрбір санды қалай алуға болатынын біледі | | |
| | | | сандар құрамын біледі, бірақ 1-2 қате жіберді | | |
| | | | сандар құрамын біледі, бірақ 3 және одан да көп қате жіберді | | |
| | | | Тақырып бойынша балдар саны | | |
| 4 | Үлкен, кіші, соншама | Білу және түсіну | мөлшері бойынша заттарды салыстырады және кестенін оң жағын дұрыс толтырады | | |
| | | | тапсырманы түсінбейді | | |
| | | | Тақырып бойынша балдар саны | | |
| 5 | Геометриялық фигураналар | Қолдану | айналадағы заттардан геометриялық фигураналарды таниды және оларды жіктей алады | | |
| | | | тапсырманы мүлде орындай алмады | | |

| 1.3-кестенің жалғасы | | | | | |
|-------------------------|----------------|---------|-------------------------------------------------------------------------------------|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | Тақырып бойынша балдар саны | | |
| 6 | Есептерді шешу | Қолдану | қосу мен алуға арналған бір әрекетте арифметикалық есептерді құрастыру және шешу | | |
| | | | қосу немесе алуға арналған бір әрекетте арифметикалық есептерді құрастыру және шешу | | |
| | | | тапсырманы мүлде орындаі алмады | | |
| | | | Тақырып бойынша балдар саны | | |
| 7 | Логика | Қолдану | талқылай алады, логикалық есептердің шешімін дұрыс табады | | |
| | | | тапсырманы түсінбейді | | |
| | | | Тақырып бойынша балдар саны | | |
| Жалпы алған балдар саны | | | | | |

1.1-қосымша

Құпия ақпаратты жарияламау туралы келісім

Осы Келісімде емтихан материалдарына қатысты барлық ақпарат **Құпия ақпарат** дегенді білдіреді.

Мен, _____

_____, (толық АТӘ, лауазымы, тұрғын мекен-жайы)

ақпараттың құпиялышын сақтауға міндettімін, сонымен қатар:

- 1) құпия ақпаратты үшінші жаққа хабарламауға, сатпауға және басқа жолмен жарияламауға;
- 2) құпия ақпаратты коммерциялық, өнеркәсіптік немесе емтихан мақсаттарына қайшы болатын мақсаттарда қолданбауға;
- 3) құпия ақпаратты көшірмеуге, өзгерпеуге және таралымын көбейтпеуге;
- 4) емтихан сұрақтарының және жауап беру параптарының мазмұнын үшінші жақпен талқыламауға міндettімін.

Коммерциялық құпияны және құпия ақпаратты жариялағаным үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 126 б. және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 200 б. қарастырылған жауапкершілікті көтеруге келісемін. Коммерциялық құпияны және құпия ақпаратты жариялаған жағдайда қызметтік тергеу жүргізілгеннің нәтижесінде анықталған шығындарды өтеуге дайынмын.

Мен, Құпия ақпаратты жариялаған жағдайда бұл Құпия ақпаратқа ешқандай авторлық құқығына немесе басқа да меншік құқығына ие болмайтынымды түсінемін және мойындеймын.

Қолы _____

Күні _____

1.2-қосымша

30 pilottyң және 15 бақылау мектептерінің бірінші сынып оқушыларының когнитивті даму деңгейіне диагностика жүргізу үшін материалдарын беру ТІЗІМДЕМЕСІ

Қала (ауыл) _____
Мектеп _____

Материалды берді

Материалды қабылдады

(төлөк Ф.А.Ә., қолы)

(төмөнкү Ф.А.Ә., қолы)

Материалды тапсырды

Материалды қабылдады

1.3-қосымша

Тестілеуді өткізуге кабинеттің дайындығы **№ _____ хаттамасы**

| Кабинет № | Тестілеуге дайын компьютерлер саны * | Күні | Уақыты |
|--------------|-----------------------------------------|------|--------|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

*Компьютер тестілеуге дайын – программалық қамтамасыз ету орнатылған және тестілеу серверімен байланыс бар.

Мектеп директорының орынбасары

Толық
Ф.А.Ә.

Тест координаторы

Қолы

Мектепті аралау бойынша нұсқаулық

Жалпы ережелер

Пилоттық мектептерді аралау жаңа білім беру бағдарламасын аprobациялау мониторингісінің бір бөлігі болып болады.

Мектептерді аралаудың мақсаты: алғашқы мәліметтерді талдау нәтижесінде айқындалған мәселелі сұрақтарды бағалау және тексеру.

Міндеттері:

- білім беру бағдарламасын аprobациялау сәтті өтуіне жағдай жасайтын факторларды анықтау;
- білім беру бағдарламасын аprobациялау сәтті өтуіне кедергі жасайтын факторларды анықтау;
- білім беру бағдарламасына қажетті өзгерістерді енгізу бойынша ұсыныстарды өзірлеу.

Мектептерді аралау сабактарға қатысады, мектептің басшыларымен, мұғалімдермен, ата-аналармен және оқушылармен кездесуді қамтиды.

Топтың мүшелері:

- ҰБА және ДБҰҰ қызметкерлерінен;
- облыстық, Алматы, Астана ққ. Білім басқармасының әдіскерлерінен;
- аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің әдіскерлерінен;
- жаңа білім беру бағдарламаларын енгізуді жетекшілік ететін пилоттық мектеп директорының орынбасарларынан тұрады.

Мектептерді аралау алдында топтың мүшелері:

- мектепті аралау бағдарламасымен келісу (2.1-қосымша);
- барлық қажетті құжаттарды (сабактарды бақылау парагы (2.2-қосымша), сұхбаттасу сұрақтарын (2.3-қосымша), сабак кестелерін) және құралжабдықтарды (ноутбук, фотоаппарат, диктофон) дайындау;
- өздерінің арасында міндеттер мен ролдерді бөлісу қажет.

Мектепке баар алдында ҚР БФМ мектептерді хабарлайды. Ол үшін ҰБА баратын күні, мерзімі, мақсатын көрсетіп ақпараттық хат дайындайды.

Мектепті аралау тәртібі бойынша қысқаша нұсқаулық.

1. Мұғалімдерге байқау олардың сабакты қалай өткізгендерін анықтау үшін емес, білім беру бағдарламасын енгізу үдерісі байқалатынын және байқаушылар толық бір сабакқа қатыспаулары мүмкін екенін түсіндіру қажет.

2. Мектепте келгеннен кейін топ мүшелеріне кездесу кестесі ұсынылады және топ мүшелері қандай сабакқа қатысатыны туралы өздері шешім қабылдайды. Мұғалімдерге кімнің сабағына қатысатындары туралы айтпауға назар аудару қажет, себебі барлық мұғалімдер байқауға дайын болу керек. Мектептің басшылығына мектепте қысқа экскурсия жүргізу және мектептің маңызды қызметкерлерімен таныстыру қажет екенін хабарлау қажет.

3. Мектептерде әр сыныпқа әрбір пән бойынша қатысқан дұрыс болады.

Әрбір топта қатысатын негізгі пәндердің минималды саны болу қажет.

4. Мектепке барған кезде әрбір топ өнімді кездесулер мен байқау өткізетіндегі етіп өзінің уақытын үйымдастыру қажет. Оқушылармен кездесулерді сабакта емес сабактар арасындағы үзілістерде өткізу керек. Мұғалімдермен кездесуді сабактардан бос уақытта өткізу жоспарлау қажет.

5. Топ мүшелері Мектептерді аралау бағдарламасымен келісу үшін мектепке баардан бір күн бұрын кездескен дұрыс.

6. Әр мектепті аралауды мектептің басшылықтарымен кездесуден, қышқаша экскурсиядан, мектептің маңызды қызметкерлерімен танысадан бастау қажет.

7. Әрбір жұмыс күнінің басында және сонында топ мүшелерінің арасында кездесу өткізу үшін уақыт қалдыру қажет. Таңертенгі кездесу кім қандай сабактарға қатысатынын, әртүрлі кездесулерге кім қатысатынын бөлуге және неге көңіл аудару керектігіне анықтауға мүмкіндік береді. Әрбір күннің сонындағы кездесу (мектепте, немесе топ тоқтаған қонақ үйде) сол күні өткізілген байқауға рефлексия, жазбаларды тексеруге және олардың жазу тізбектерін тексеруге, нәтижелермен бөлісіп талқылауға және келесі күні неге көңіл аудару қажет екенін анықтауға мүмкіндік береді.

8. Мектептен кетер алдында топ мүшелері мектеп қызметкерлеріне өздерінің алғыстарын білдіру қажет және кездесу кезіндегі бақылау нәтижесі білім беру бағдарламалары мен оқу бағдарламаларына қатысты шешімдерге қалайша әсер ететінін сипаттау керек.

9. Топтың мүшелері мұдделі тараптардан мәліметті қабылдауға ашық болуға тиісті. Мұдделі тараптың барлық тілектерін орындауға қандай да бір жауапкершілікті алмаған дұрыс, бірақ барлық ескертулер мен ұсыныстар міндетті түрде ескерілетінін жеткізу керек. Сәйкесінше, егер мұдделі тараптар туған мәселе жөнінде маманның құзыretі шегінен шығатындей өз көзқарасын білдірсе, бұл мәліметтер жазылып лайықты мекемеге берілетінін түсіндіру қажет.

10. Топтың мүшелері уақыттың көп бөлігін мұғалімдер және оқушылармен қарым-қатынас жасауға жұмсау керек. Мектептің басшыларын тереңдетіп сұрастыру керек, бірақ толық жете сұрастырмай жалпы ақпарат жинау қажет. Білім беру бағдарламасын енгізуге тікелей қатыспайтындарға қарапайым және тікелей сұрақ қоюға болады.

11. Мектеп әкімшілігінен алынған ақпарат мектепте мониторинг үдерісіне (мысалы, есептілік, кездесулер) көмек көрсету мен оны енгізуге қолдау жасау (мысалы, ресурстар, мұғалімдерге қолдау көрсету) үшін құрылған құрылымдардың тиімділігі туралы мәліметтерге назар аударатындей болу керек.

12. Мұғалімдер білім беру бағдарламасын енгізудің құнды дереккөздері болып табылады. Мұғалімдерден алынған мәліметтер білім бағдарламасын енгізудегі тәжірибелерінің барлық аспектілерін қамту керек. Өздерінің күнделікті іс-тәжірибе аясында мұғалімдер педагогикалық практикада іс-тәжірибелі қалай қолданғандары туралы құжаттарды әзірлейді, өз алдына бұл құжаттар мониторинг үшін құнды мәліметтері болып табылады (мысалы,

сабактарды бақылау парақтары, отырыстар хаттамасы (2.4-қосымша)). Бұл құжаттар жаңа педагогикалық тәсілдерді мұғалімдер қалай енгізді деген мәліметтермен алуға және үздік тәжірибелі, сонымен қатара кәсіптік дамуға салаларды айқындауға мүмкіндік береді. Енгізіліп отырған құжаттар оқушыларға қаншама қызықты және өзекті екенін айтуға мұғалімдерге мүмкіндік беру қажет.

13. Оқушылар білім беру бағдарлама мазмұнын түсінулері туралы мәліметтермен мен оларды егжей-тегжей бере алады. Бірақ, оқушылардан алған мәліметтерді мектептің әкімшілігінен, мұғалімдерден, ата-аналардан алған мәліметтермен салыстыру қажет.

14. Мәліметтерді алуға болатын білім алушылардың әлеуетті саны өте көп. Толық мәлімет алу үшін қолайлыш шешім ретінде анонимдік сауалнаманы өткізуге болады. Бірақ, бұл егжей-тегжей ақпаратты жинауға жеткіліксіз болуы мүмкін, сондықтан оқушылармен сұхбат өткізу және білім беру бағдарламасының оқушылардың оқуларына толық әсерін бағалау үшін сабактың кезінде байқау жүргізу маңызды. Мүмкіндігінше, мұғалімдерден емес оқушылардың өздерінен жиналған білім алушылардың жұмыстары мысалымен расталу қажет.

15. Ата-аналардан алынған ақпарат маңызды болып табылады. Олардан білім беру бағдарламасын қалай қабылдайтыны туралы сұрау қажет (ата-аналарға мектеп туралы пікірлері мен бағдарлама туралы пікірлерін бөліп айтуға қын болатынын ескерінің). Бұл мәліметтер білім беру үдерісіне оқушылардың реакциялары туралы ақпаратты алу үшін қажет.

16. Мектептерді аралау аяқтағаннан кейін топтың әрбір мүшесі келесі түрде қорытынды есеп жазады (әрбір оқу пәні бойынша):

Пән:

Сынып(-тар):

1. **Откізілген іс-шаралар** (осы есепке қатысты барлық іс-шараларды жазу);
2. **Түсініктеме** (қандай жсаналық бар және т.б.);
3. **Қарастырылатын салалар** (мектепке баруға дейін айқындалып, кездесу кезінде талданған мәселелер тізімі);
4. **Бақылау/кездесудің қызқаша түйіндемесі;**
5. **Бұл пән/сынып бойынша оку бағдарламасына ұсынымдар;**
6. **Бұл пән/сынып бойынша оку жоспарына ұсынымдар.**

2.1-қосымша

Мектепті аралау бағдарламасы

Баруға жосарланған мектеп: _____

Бару күні: _____

Топ мүшелерінің тізімі:

| № | Қызметкердің АТӘ | Ұйым | Жетекшілік ететін пән |
|---|------------------|------|-----------------------|
| | | | |
| | | | |

1-күн

| Уақыты | Іс-шаралар | Ескертулер |
|--------|------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | Әкімшілікпен кездесу (кіріспе нұсқама жүргізу) | <i>Келу масқаты, келу бағдарламасы, сұрақтар үлгілері, жұмыс кестесін нақтылау Әкімшілікке арналған сұрақтарды қарau</i> |
| | Мектепке экскурсия | <i>Бар болған жағдайда мектептен гимараттың және кабинеттердің орналасу сұлбасын сұrau</i> |
| | Пәндер бойынша сабактарды байқау | <i>Сабакты байқау бойынша басшылық және Білім алушылардан мәліметтерді жинау нұсқаулығын қарau</i> |
| | Оқушылармен сұхбаттасу | <i>Оқушылармен сұхбаттасуға арналған сұрақтар және Білім алушылардан мәліметтерді жинау басшылығын қарau</i> |
| | Мұғалімдермен сұхбаттасу | <i>Мұғалімдермен сұхбаттасуға арналған сұрақтар және Сұхбаттасуды өткізу бойынша басшылық қарau</i> |
| | Қарастырылған сабактар бойынша мұғалімдерге кері байланыс беру (қажет болса) | <i>Сабакты байқау бойынша басшылық қарau</i> |
| | Мектептегі жұмыс нәтижесін талқылау бойынша топтың кездесуі | |

2-күн

| Уақыт | Іс-шаралар | Ескертулер |
|--------------|------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------|
